



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

3. Гумилев Н.Л. Хұндар // Орыс тілінен ауд. Ә. Жұмабаев, И. Байсенов. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 558 б. – 87-б.

ӘӨЖ 9 (93-94)

ЕУРАЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЛДІК БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жұмахан Закиров

zhumaxan.zakirov@inbox.ru

Л.Н. Гумилев ат ЕҰУ, Филология факультеті, 1 курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- г.ғ.м., С.Қ Сыздық

Өткенін түгендеп, тарихын зерделемеген жұрт болашаққа нық сеніммен қадам баса алмайды. Ұлттық құндылықтарынан, тілінен, дәстүрінен, дінінен айырылған ұлт, болашағын құру үшін негіз таба алмай, құрдымға кетеді. Оның дәлелі өзінің тарихын, шығу тегін ұмытқан халықтардың басқа үлкен өркениеттерге сіңісіп, жоғалып кетуі. Мұны ғылымда «ассимиляция» деп атайды. Сонау қарт тарихтың қойнауына көз жүгіртсек, атағынан ат үркетін, бүкіл Еуразия даласын алып жатқан Алтын Орданың тікелей мұрагері – Қазақ хандығы еді. Алтын Ордадан бұрын Қыпшақ, Қарлұқ, Оғыз, Қарахан, Түргеш секілді түркі халықтары Еуразия даласын бағзыдан мекен етті. Одан әрі Ұлы Түркі қағанаты, одан да әрі Сақ, Ғұн, Қаңлы дәуіріне барамыз.

Орта ғасырларда Қыпшақтардың ығыстыруымен Оғыз тайпаларының Анадолыға барып түрік Селжұқ тайпасымен бірігіп, Еуропаны 6 ғасырдан астам уақыт үрейде ұстаған қуатты Осман империясының негізін салғаны тарихтан белгілі. Түркі тарихында, тіпті, әлем тарихында ең ұзақ өмір сүрген мемлекеттердің бірі Осман мемлекеті еді. XIII ғасырда Анадолы түбегінде Осман империясы құрылған уақытта, Орта Азия жерінде Шыңғыс хан және оның ұлдары өз билігін орнатты. Үлкен ұлы Жошыға Ертістен Орал тауына, одан оңтүстікке қарай Каспий мен Арал төңірегіне дейін, Орта Азияда Солтүстік Хорезм мен Сырдария аймағын берсе, Шағатайға Мәуереннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан аймағы қарады. Ал, Үгедей Батыс Моңғолия, Тарбағатай жерлеріне, кіші ұлы Төле Моңғолияның өзіне иелік етті. Өз кезегінде Жошының ұлы Бату бастаған Алтын Орданың айбынды әскері орыс кінәздіктері мен Шығыс Еуропаны табанының астында ұстады. Төленің бір ұлы Құлағу Иран, Ирак, Ауғанстанда Ильхан мемлекетінің негізін салса, екінші ұлы Құбылай Қытайды бағындырып Юань әулетінің императоры болды. Осы тұста Әмір Темір ұрпақтары Үндістанда Ұлы Моғол Империясын құрды, Қыпшақ Мәмлүктері Мысыр, Бағдат, Сирия жерінде сұлтан атанды. Еуразия даласының осынау ұлы қолбасшыларының тегі түркі екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Тарихтың осылай екенін біле тұра саяси тарих еуроцентрістік көзқарас ұстанып келді, адамзат тарихындағы Ұлы өркениеттің ірі ошағының бірі түркі халықтары екенін мойындағысы келмеді. Кеңестік тоңмойын идеологияның темір құрсауынан шыға алмай, түркі жұрттарының арғы тарихына қатысты мағлұматтарды таразыламайтын, саясаттың қолшоқпарына айналған жалған тарихшылар көбейді. Мектептер мен жоғарғы оқу орындарында тарихты XX ғ. бас кезіндегі оқиғалардан бастап оқытты, тарих ғылымы қатты бұрмаланып, жабайы, тағы көшпелілерде ешқандай өркениет болмаған деген қате көзқарастар қалыптасты. Тарихымызды қайта қарап, түзеуге тырысқандарға «пантүрікшіл» «ұлтшыл» деп айып тақты. Осылайша біз өз тарихымыздан өзіміз жерітіп халге жеттік.

Олай болатын болса, неше мыңдаған жылдар бойы Еуразия даласының төсінде арлы-берлі, оңды-солды еркін жортқан, бірде алып империя орнатып, бірде өзгенің боданында күн

кешкен біздің ата-бабаларымызды – түркі тайпаларын – осынау ұлы дүбір тарих көшінде тек өзгенің мәдениетін тұтынушы ғана болды деу еш қисынға келмейді. Керісінше бағзыдағы адамзат мәдениетінің ту ұстаушысы көшпелілер болғаны айдан анық. Бір ғана қарапайым мысал, көшпелі халықтардың тілінде диалект болмайтыны өз алдына, тұрмыс-салтында да, діни сенімінде де – жалпы рухани құндылықтарында да ұлығаусар өзгешелік болмайды. Ал алақандай жерде отырған отырықшы елдерде бұл жағдайдың мүлде керісінше екені жасырын емес. Бұл нені түсіндіреді? Бұл көшпелі өмір салтының мәдениеттің таралуы мен қалыптасуында атқаратын шешуші рөлін, жетекші ықпалын көрсетеді. Егер біз осы принцип бойынша бағзы дәуірлеріндегі мәдениеттің жалпы жер жүзіне қалай тарағанына назар аударатын болсақ, ондай ұлы миссияның орындаушысы тек көшпелілер болғанына тағы да айқын көз жеткіземіз [1].

Мәселен, Американың байырғы тұрғындары болып саналатын үндістердің бір замандарда көшін қомдап шыққан ата жұрттары – Азия құрлығындағы түркі тектілерге жақын екендігі, тілдері ұқсайтыны туралы болжамдар талай уақыттан бері айтылып жүргенімен, бұл тектес пікірлер бірауыздан мойындалмай келген еді. Десе де, соңғы тілдік генетикалық зерттеу еңбектерінде үндіс пен түпкі алтай, түпкі түрік қауымдарының әуелгі тектестігі генетикалық тұрғыдан тапжылтпай дәлелденді (Қараңыз: И. А. Захаров «Орталық Азия – Америка аборигендерінің түпкі мекені ме?», М. А. Деренко мен Б. А. Малярчук «Солтүстік Азияның тұрғылықты халқының генетикалық тарихы»). Демек, енді түркі тілі мен үндіс тілдерінің арасындағы ұқсастықтар туралы әңгіме қозғалғанда, оны «кездейсоқтық» деп айта салудың өзіне абайлап бару керек болады. Түркі тілінің сөздік қорына тән сол мысалдарды үндістер лексикасына кейіннен қосылды деудің де реті келмейді. Себебі, ғылым б.з.д 10 мың шамасында Беринг «көпірінің» су астына қайта шөгіп, екі құрлық арасының жабылып қалғанын тиянақтаған (№1-сурет) [2]. Яғни, Америкадағы үндістердің ата-бабалары бұдан 25-30 мың жыл бұрын Азиядан Беринг бұғазы арқылы Солтүстік Америкаға қоныс аударған.



1-сурет. Шамамен 14000-18000 жыл бұрын

Осыдан кейін, егер шынымен үндістердің байырғы атамекені Азия жері болса, екі құрлық халықтарының бет-әлпетіндегі нәсілдік ерекшеліктер туралы сұрақ туындайды. Бұл туралы Л.Н.Гумилевтің еңбегінде былай баяндалады: «Этностардың мінез-құлқы, тәртібі, олардың бет-жүзіндегі айырмашылықтар – адамдардың жер, табиғат жағдайларына бейімделуінің нақты көрінісі» [3]. Демек, әрдайым адамдардың нәсіліндегі, өмір сүруіндегі ұқсастық пен айырмашылықтар әрқашан олардың шығу тегінің біркелкі болуына емес, өмір сүріп отырған аймақтарының әртүрлігіне, климаттық ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

Солтүстік Америка үндістері мен түркі тілінің ұқсастықтары

Америка үндістерінің арғы тегі кім болғандығын шама-шарқымыз келгенше анықтап көруге тырыстық. Байырғы Атамекені бір жұрттың тілдерінде де ұқсастық болады ғой, соның ішінде Майя тілі мен түркі тілдерінің арасындағы жақындықты А.Г. Каримуллин де құптайды. Ол Ю.В. Кнозоровтың майя тілі жөнінде жазған монографиясынан, сол сияқты Диэго Де Ланданың және басқа ғалымдардың еңбектерінен алынған майя, кечуа, сиу сөздері мен татар тілінің сөздерін салыстыра отырып, олардың арасында көптеген ұқсастықтардың бар екенін дәлелдейді.[4] Енді А.Г. Каримуллиннің құрған кестесіндегі үндістер мен көне түркі халықтары тілдерінің ұқсастықтарын бағамдайық:

Конзоров тәржімелеген майя сөздерінің қазақшасы	Олардың татарша-қазақша мағыналары
Йаш – жасыл, жаңа	Яшь – жас
Кун – күн	Көн – күн
Ош – үш	Өч – үш
Ооч – ас	Аш – ас, тағам
Ич – ішінде	Эч – ішек, іш
Кулл – қол көтеру	Кул – қол
Чукул – ағаш жару	Чуку – шұқу, тесу
Мол – мол, молшылық	Мул – мол, молшылық

1-кесте

Майя тілінен Ланда аударған сөздердің қазақшасы	Олардың татарша-қазақша мағыналары
Кош – құс	Кош – құс
Акап – нағашы аға	Ага, ака – аға
Имиш – жеміс	Жимеш – жеміс
Ичин – құдық	Эчу, эцу – ішу
Аак – ақ	Ак – ақ, таза, ақшыл
Бака – құрбақа, бақа	Бака – бақа
Ик – екі	Ике – екі

2-кесте

Түркі тілдері мен Майя тіліндегі кейбір ұқсас сөздердің лексикалық мағыналары өзгергенімен, этимологиясы бір. Мәселен, *ичин* деп майялықтарқұдықты атайды екен. Мұндағы *ичин* сөзі лексикалық жағынан құдық деген атауды берсе, сөздің этимологиясы татарша - *эчу, эцу*, ал қазақша – *ішу* деген сөздерден шығады.

Шумер-Түркі тілдері

Б.з.д IV мыңжылдақта Евфрат пен Тигр өзендері бойында ежелгі өркениеттің тағы бір ошағы пайда болды. Бұл аймаққа алғаш рет адамдар б.з.д VII мыңжылдақта қоныстана бастады. Шамамен б.з.д 3500 жылы Қосөзеннің оңтүстігінде Шумерлер мекендеді. Зерттеуші ғалымдардың айтуы бойынша олар Евфрат жазығына солтүстік-шығыстан түскен және олардың тілі айналасындағылардың ешбіріне ұқсамайтын. Шумерлердің ата-жұртының шығыстық тегі ғалымдарды одан әрі шығысқа сүйреп Алтайға жақындатқан сайын, ғылымда шумерлер мен түркілер тілін салыстыра қараудың алғашқы әрекеттері қалыптаса бастады. Ф. Хоммель шумерлер тіліндегі түркі тілімен ұқсайтын 200 сөзді атап көрсетсе, XX ғ. 60 жылдары неміс ғалымы Курт Вальтер Керам: «Шумер тілі көне түркі тіліне ұқсас» деп айтқан болатын [5].

Осы тақырыпқа арнайы еңбек жазған қазақ ғалымдарынан А.С. Аманжолов пен О. Сүлейменовты атауға болады. Түрколог ғалым А.С. Аманжолов 1969 жылы Германияда өткен конференцияда шумер тілі мен түркі тілдері арасындағы байланысты өз баяндамасында айтқан болатын. Сонда өзге кеңестік ғалымдар өре түрегеліп қарсы шықты. Ал О. Сүлейменов дәл осындай пікірді өзінің «Аз и Я» атты еңбегінде баяндайды. Ол И. М. Дьяконовтың қолданған 100 сөзінің ішіндегі 60 сөзді таңдап алып, сөздерді адамға және табиғатқа қатысты атаулар деп екі классқа бөліп қарастырады.

Адамға қатысты кейбір атаулар: *ада – ата, ама – ана, ту - туу(родить), туд – туды, тир - тірі, шуба – шопан, ру – ұру, ме – мен, зе – сен.*

Табиғатқа қатысты кейбір атаулар: *дингир – тенгир – тәңір, иши – киши – кіші, уш – үш, гиш – егіс, агаиш, гаиш(гай) – құс (қарлығаш, торғай).*

И. М. Дьяконовтың зерттеген бұл 100 сөзі түркі-шумер тілінің туыстығына негіз бола алмауы, жай ғана кездейсоқтыққа балануы мүмкін. Десе де, И. М. Дьяконов зерттеген осы сөздерден басқа да сөздер барын ұмытпауымыз керек. Бұл ұқсастықтар тек қана атау сөздерде ғана емес, сонымен қатар қосымшалы сөздерде, біріккен сөзді есімшелерде кездеседі [6]. Мәселен:

БИ+СИ= БІЗ

СИ+СИ=СІЗ

Түркі жазба тілін оқытудың маңызы

Қорытындылап айтар болсақ, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Батыс әлемі Шығысқа қызығып, жан-жақты іргелі зерттеу жұмыстарын бастады. Жер-жерде Шығыс халықтарының ауыз әдебиетінің түрлері, тарихи дастандары, халықтық мұралары жиналды. Бұл не үшін керек болды? Еуропа және орыс ғалымдары көшпелі халықтар арасына келіп оларды не себептен зерттемек болды? Әрине, оларды өз қол астында ұстау үшін. Соның арқасында ориенталистика атты ғылымда жаңа термин дүниеге келді. Сол себепті де Батыс мемлекеттері Шығысқа қарағанда әлде-қайда мықты еді. Бір ғана мысал, Орхон-Енисей жазбаларын ең алғаш оқыған да, зерттеген де неміс ғалымдары болатын. Содан соң 1914-1918 және 1938-1945 жылдары қатарынан екі рет дүние жүзілік соғысты өздері бастады. Мұндай алып қуат оларға қайдан келді? Қызық емес пе? Рухани жаңғыру дегеніміздің өзі осы ғой

Біздің жазба мұраларымызда өткен тарихтың ізі ғана емес, сонымен бірге рухани байлығымыздың қайнар көзі жинақталған. Осыдан мың жыл бұрын Исламды қабылдаған бабаларымыз Алла діні хақындағы өздерінің ой-тұжырымдарын сол кезде-ақ жазып қалдырған. Исламдағы таным мәселелері, дәстүр мен діннің сабақтастығы, шариғат шарттары мен ахлақ тәрбиесі, яғни Ислам құндылықтарының бәрі туралы ой қозғап, бізге ұғынықты тілде жазып қалдырған [7]. Амал нешік? Біз ол мұраларымызды оқып, танудан қол үзіп қалдық. Нәтижесінде тарихын білмейтін, дін мен ұлттың ажырамас егіз ұғым екенін түсінбейтін адасқан адамдар пайда болды. Сол сан қатпарлы тарихтың қойнауынан жеткен бабалар мұрасында қазақты қайта тірілтетін қуатты күштің бары анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Д. Мәсімханұлы . Еуразиялық өркениет. Ежелгі түркі және қытай елінің рухани қарым-қатынасы. - Ғылыми зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2012.- 480б.
2. Ж. Бейсенбайұлы. Арғы түріктер ақиқатының ізімен. Алматы, «Қайнар», 2006
3. Л.Н. Гумилев. Этногенез и биосфера земли. М, 1994
4. Ә. Ахметов. Еуразия коды. Бесінші өркениет қарсаңында. Астана, 2012
5. <http://e-history.kz> Шумерлер мен түркілер параллелі
6. О. Сүлейменов. Аз и я. Альянс, 2013
7. Т. Қыдыр, «Иман» журналы - №7, 2016 жыл